«ЦЕСНАБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ЦЕСНАБАНК»

ЦЕСНАБАНК

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Номер	Дата
Л - 1012	27.05.2013 г.

г.Астана

«О назначении»

В связи с производственной необходимостью,

ПРИКАЗЫВАЮ:

Назначить **с 03.06.2013 г.**

Сотрудник: Каменов Бауржан Асылбекович, таб.№ 00000354

На должность: Главный бухгалтер

Структурное подразделение: Руководство Столичный филиал АО «Цеснабанк»

Основание: Дополнительное соглашение от 27.05.2013 г. к Трудовому договору № 174 от 03.09.2007 г.

Заместитель Председателя Правления **О. Бойко**

С приказом ознакомлен:
Каменов Бауржан Асылбекович_____ «27» мая 2013 г.

КОПИЯ ВЕРНА
Подпись

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
"ЦЕСНАБАНК"
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АСТАНАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ

ЦЕСНАБАНК

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
"ЦЕСНАБАНК"
СТОЛИЧНЫЙ ФИЛИАЛ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарайшық к-сі, 5-а, ВП-1
тел: +7 (7172) 55 82 00, 55 82 55, факс 66 82 02,
AST_Info@tsb.kz, astana@tsb.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Сарайшық, 5а, ВП-1,
тел.: +7 (7172) 55 82 00, 55 82 55, факс 66 82 02,
AST_Info@tsb.kz, astana@tsb.kz

_____ № _____

_____ № _____

СЕНІМХАТ
№ 26/03-12-17

Қазақстан Республикасы
Астана қ.

екі мың он жетінші жылдың жиырма алтыншы желтоқсан

«Цеснабанк» Акционерлік Қоғамның атынан Астаналық филиалының Директоры – Жумангарин Еркин Макашевич, 2017 жылдың 27 қарашада берілген № 27/11/17-06 бас сенімхат бойынша әрекет етуші, «Цеснабанк» АҚ Астаналық филиалы Директорының орынбасары Молдагаипов Кайрат Бакытжановичқа (жеке куәлігі №040698328, 19.02.2016ж. ҚР ІІМ берген), мемлекеттік билік және басқару органдарымен, олардың бағыныштылық, ұйымдық-құқықтық формасы және меншік формасына қарамастан Қазақстан Республикасының кәсіпорындары, мекемелері және ұйымдарымен (соның ішінде соттар, құқық қорғау органдары), Қазақстан Республикасының азаматтарымен, шетел заңды тұлғаларымен және шетел азаматтарымен қарым-қатынас жасау барысында «Цеснабанк» АҚ (бұдан әрі – Банк) мүдделерін білдіруге уәкілетті етіп, Банк атынан келесі әрекеттерді жасауға өкілеттік береді:

1) Қазақстан Республикасының барлық соттарында Банктің мүддесін білдіруге, оның ішінде төрелік сотта және келесілерді қосқанда, бірақ олармен шектелмей Банктің атынан әрекет етуге: Банк мүддесін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына қуым талаптарды беруге және оларға қол қоюға (соның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен); іс материалдарымен танысуға, іс материалдарынан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; сот қабылдаған қаулыларды (шешімдер, анықтамалар және т.б.) алуға; қуым талаптардан толық немесе ішінара бас тартуға және талапты мойындауға; қуым талап мәнін немесе негізін өзгертуге; бітімгершілік келісімдер жасауға; және медиация тәртібінде дауды (жанжалды) реттеу жөніндегі келісім; сот қаулылары (шешімдер, анықтамалар) бойынша шағымдануға; сот қаулылары (шешімдер, анықтамалар) бойынша Қазақстан Республикасының соттарына апелляциялық, кассациялық, қадағалау және өзге де шағымдарға қол қоюға (соның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен) және беруге; апелляциялық, кассациялық, қадағалау инстанциясының сот отырыстарына қатысуға; сот қаулысының мәжбүрлі орындалуын талап етуге, берілген мүлікті немесе ақшаны алуға, азаматтық сот ісін жүргізу және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілген басқа іс жүргізу құқықтарын пайдалануға;

2) соттар және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарының, соның ішінде Ұлттық Банк және оның барлық филиалдарының қарауы кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға ретіндегі Банк мүддесін білдіруге және Банк атынан келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей келесі әрекеттерді жасауға: әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан тұлға үшін қарастырылған барлық процессуалды әрекеттерді жасауға, хаттамамен және істің барлық материалдарымен танысып шығуға, хаттама мазмұны және оны ресімдеу бойынша ауызша және жазбаша ескертулер жасауға, түсіндірмелер беруге, қарсылық білдіру және өтініш жасауды жүргізуге, дәлелдемелер ұсынуға, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі хаттаманы және соттар және/немесе әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдары шығарған әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі қаулы бойынша шағымдануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе білетін тілінде сөз сөйлеуге, аудармашы қызметтерін пайдалануға, іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану бойынша шағымдануға, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі қаулыға қол қоюға және/немесе қол қоюдан бас тартуға және бұндай хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебін жазуға, заңдық күшіне енген сот және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қаулылары және нұсқамалары бойынша наразылық енгізу туралы прокуратура органдарына өтініштер беруге және оларға қол қоюға, заңдық күшіне енген сот және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қаулылары және нұсқамаларын қайта қарау жөніндегі өтінішпен жүгінуге, құқықтарды қалпына келтіру туралы

КОПИЯ ВЕРНА 181009
Подпись

және сот және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді карауға уәкілетті мемлекеттік органдар актілері мен әрекеттерімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды ұсынуға, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі заңнама бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға берілетін өзге құқықтарды пайдалануға және оларға ие болуға;

3) Қазақстан Республикасының барлық құқық қорғау органдарында және барлық сот инстанцияларында, соның ішінде алдын ала тергеу және анықтауды жүзеге асыратын органдарда Банк мүддесін білдіруге және келесілерді қосқанда, бірақ олармен шектелмей Банктің атынан әрекет етуге: Банк мүддесін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына өтініш беруге және оларға қол коюға; айыпталушыға тағылған айып туралы білуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; дәлелдер ұсынуға; өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және карсылықты мәлімдеуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық қудалау органы алып қойған немесе Банк берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алып қойылған Банкке тиесілі мүлікті алуға, Банкке тиесілі құжаттардың түпнұсқаларын алуға; заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен Банктің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға; тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде және кез келген мәліметті көшіріп алуға; қылмыстық іс қозғау туралы, Банкті жәбірленуші деп тану туралы немесе одан бас тарту туралы, қылмыстық істі тоқтата тұру туралы, істі тоқтату туралы қаулылардың көшірмелерін, айыптау қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ бірінші және апелляциялық сатылардағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі сот талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға карсылық ұсынуға; мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды кассациялық және қадағалау сатыларындағы соттың карауына қатысуға; Банктің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот актілерін орындау комитетінде және оның мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарында, Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасында және оның кәсіби бірлестіктері - Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасында, сондай-ақ Банк арызы бойынша немесе Банкке қатысты үшінші тұлғалардың берген арыздары бойынша қозғалған барлық атқарушылық іс жүргізу істері бойынша жеке сот орындаушылары алдында, сондай-ақ Банктің құқықтары мен мүдделеріне қатысты атқарушылық іс жүргізу жөніндегі басқа да істер бойынша Банк мүддесін білдіруге және келесі әрекеттерді қосқанда, бірақ бұлармен шектелмей әрекеттерді Банк атынан жасауға:

атқарушылық әрекеттер жасауға қатысуға, атқарушылық әрекеттер процесінде ауызша және жазбаша түсініктер беруге, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдері мен пікірлерін айтуға, атқарушылық іс жүргізуге қатысушы басқа адамдардың дәлелдері мен өтініштеріне карсылық білдіруге, бас тартатынын мәлімдеуге, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағым жасауға, атқарушылық әрекеттерді жасауға қатысуға, атқарушылық әрекеттерді жасау процесінде ауызша және жазбаша түсініктеме беруге, атқарушылық іс жүргізу барысында туындаған барлық сұрақтар бойынша өз дәлелдері мен пікірлерін айтуға, атқарушылық іс жүргізуге қатысушы басқа тұлғалардың өтініштері мен дәлелдеріне карсылық білдіруге, карсылықтарын мәлімдеуге, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша жеке және мемлекеттік сот орындаушыларының әрекеттері немесе шешімдері бойынша шағымдануға, атқарушылық құжаттарды беруге және кері шақыруға, атқарушылық іс жүргізуге байланысты борышкердің әрекеттері бойынша, соның ішінде сот және басқа да органдарға және олардың меншік түріне карамастан ұйымдарға қуым талаптарды (шағымдарды) беру арқылы шағымдануға, 2010 жылғы 02 сәуірдегі № 261-IV «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 55-бабының 4-тармағында карастырылған тәртіппен жеке немесе мемлекеттік сот орындаушы табыстайтын Банк алдындағы берешекті өтеу есебіне борышкер мүлкін заттай қабылдауға, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу жөнінде уәкілетті ұйымдарда жоғарыда аталған мүлікке Банктің меншік құқығын тіркеу үшін қажетті барлық әрекеттерді жасауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген өзге әрекеттерді жасауға;

5) мемлекеттік билік және басқару органдарында, бағыныстылығына, ұйымдық-құқықтық формасына және меншік формасына карамастан Қазақстан Республикасының кәсіпорындары, мекемелері және ұйымдарында Банк мүддесін білдіруге және Банк атынан келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей келесі әрекеттерді жасауға: Банк қызметіне байланысты мәселелерге қатысты өндіріс, мәжілістер, комиссияларға қатысуға; Банкке жолданған немесе мемлекеттік органдардың (ұйымдардың) іс жүргізуіндегі Банк қатысуымен карастырылып жатқан барлық қажетті материалдар және құжаттарды алуға және олармен танысып шығуға; қажетті құжаттарды, соның ішінде шағымдар, хаттар, өтініштер, хаттамалар және басқа құжаттарды алуға, ұсынуға және оларға қол коюға; Қазақстан Республикасының заңнамасында карастырылған өзге қажетті әрекеттерді жүзеге асыруға;

6) жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықтың пайда болуын, өзгеруін және тоқтауын (ауыртпалық арту құқығын) тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу органдарында Банктің мүдделерін білдіруге;

КОПИЯ ВЕРНА
Подпись

7) Банктің мүдделерін кредиттік бюроларда білдіруге және келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей Банктің атынан әрекеттер жасауға: «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573-II Заңында анықталған тәртіпте, көлемде және шарттарда кредиттік бюроларға ақпарат ұсынуға; кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы мәліметтерді кредиттік бюроға табыс етуге келісімін алуға және кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті кредиттік есепті алушыға беруге келісімін алуға; кредиттік бюроларға берілген ақпаратты кредиттік тарих субъектісінің талап етуі бойынша түзетуге; кредиттік бюроларға ақпаратты кредиттік тарих субъектісі жөніндегі өзінде бар мәліметке сәйкес беруге; ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пайдалануға;

8) кредит алғанын растайтын құжаттардың көшірмесін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес борышкерлердің банктік шот нөмірлерінің бар-жоқтығы және оның нөмірі туралы екінші деңгейлі банктерге сұраным жолдау үшін, оның банктік шоттарынан акцептсіз түрде ақша алу жөнінде жөнелтушінің келісімі көрсетілген құжаттардың көшірмесін куәландыруға; Банк атынан Банк борышкерлерінің банктік шоттарының бар-жоқтығы және олардың нөмірлері туралы анықтамаларды ұсыну туралы екінші деңгейлі банктерге жолданған сұрау салуларға қол қоюға;

9) банктік операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен берілген Банктің лицензиясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің уәкілетті органы бекіткен лимиттер шегінде жүргізуге, атап айтқанда:

- депозиттерді қабылдау, заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны қабылдау және беру, соның ішінде оларды ұсақтау, айырбастау, санау, сұрыптау, орау және сақтау;
- аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың төлем аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
- есепке алу операциялары: вексельдерді және заңды және жеке тұлғалардың өзге борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- банктік заем операциялары: Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, ақылық, мерзімдік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай формада кредиттер беру;
- шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассолау;
- төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
- аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және Банктің ішкі құжаттарын ескере отырып ақшалай формада орындауды қарастыратын банк кепілдіктерін беруге;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және Банктің ішкі құжаттарын ескере отырып ақшалай формада орындауды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беру;

Банктік заңнамада қарастырылған өзге де операцияларды:

- тазартылған қымбат бағалы құйма металдарды (алтын, күміс, платина тобының металдары) қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және өткізу;
- құрамында қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және өткізу;
- лизинг қызметін жүзеге асыру;
- факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекелдігін қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;
- сенімгерлік операциялары: сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар жөніндегі талап ету құқықтарын басқару;
- сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.

10) 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сенім білдірілген тұлғаны анықтау, кепілге қойылған мүлікті сату бойынша шараларды жүзеге асыруға;

11) Банктің уәкілетті органымен бекітілген шарттарда және құны бойынша Банк мүлкін сату жөніндегі сатып алу-сату шарттарына, қабылдау-табыстау актілеріне (кажет болған кезде) қол қоюға;

12) Банктің Директорлар Кеңесінің жазбаша нұсқауы болған кезде Астаналық филиалын жабуға байланысты кез келген процедураларды бастауға;

13) келесі құжаттарға қол қоюға:

а) уәкілетті органдарға берілетін есептемелерге (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, статистикалық органдар), Бас Банкке берілетін қаржылық сипаттағы есептемелерге, салық есептемесіне;

б) ақша және басқа да мүліктік құндылықтарды алу немесе беру сенімхаттарына;

в) кепілдік шарттарына,кредиттік шарттарға (соның ішінде бас кредиттік келісімдер, банктік қарыз шарттары, кепілдік / кепілдемелер беру шарттары, лизингілік шарттар, факторингтік операциялар бойынша шарттар);

г) банк кепілдіктеріне;

д) қаражаттандыру шарттары; операциялық қызмет жөніндегі шарттар (банктік салым/шот шарттары, төлем карточкаларын беру және оларға қызмет көрсету шарттары, сейфті жалға алу шарттары, «Банк-клиент» және т.б.);

КОПИЯ ВЕРНА
Подпись

қамтамасыз ету шарттары (мүлікті кепілге қою шарттары; банк кепілдіктері/ кепілдемелері); контрагенттермен жасалған агенттік келісімдер; сондай-ақ жоғарыда көрсетілген шарттардың/келісімдердің қосымша келісімдеріне;

е) филиалдың әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша шарттарға, лимит шегінде: - 2 000 000 (екі миллион) теңгеге дейін, - Банктің уәкілетті органының (Банктің Әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша Директорлар Кеңесінің, Басқарманың, Комитеттің) шешімі негізінде 2 000 000 (екі миллион) теңгеден бастап 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеге дейін; еңбек шарттарына; толық материалдық жауапкершілік шарттарына; атқару құжаттарын орындау шарттары жөніндегі келісімдерге; проблемалық берешекті өндіріп алуға байланысты өзге шарттарға/келісімдерге; филиалдың өзге шарттарына; сондай-ақ жоғарыда көрсетілген шарттар мен келісімдердің қосымша келісімдеріне;

ж) кепілдік шарттарына, сондай-ақ қосымшаларға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.04.2010 ж. № 301 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының бірінші бағытын жүзеге асыру шеңберінде Жеке кәсіпкерлік субъектілерімен екінші деңгейлі банктердің кредиттеріне кепілдік беру бойынша ынтымақтастық келісімді орындауға бекітілген шарттардың қосымша келісімдеріне; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.04.2010 ж. № 301 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Банк және Банк клиенттері арасында жасалатын қаражаттандыру шарттары, сондай-ақ қосымшаларға, қосымша келісімдерге; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.05.2012 ж. № 683 қаулысымен бекітілген 2012-2020 жж. Моноқалаларды дамыту бағдарламасының шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Банк және Банк клиенттері арасында жасалатын қаражаттандыру шарттары, сондай-ақ қосымшалар, осы шарттардың қосымша келісімдеріне; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.03.2015 ж. №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай мемлекеттік бағдарламасының бірінші және екінші бағытын жүзеге асыру шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Банк және Банк клиенттері арасында жасалатын кепілдік шарттарына, сондай-ақ қосымшалар, қосымша келісімдерге; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.03.2015 ж. №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Банк және Банк клиенттері арасында жасалатын кепілдік шарттарына, сондай-ақ қосымшалар, қосымша келісімдерге;

з) клиенттерге берілетін қаржылық сипаттағы шығыс корреспонденциясына (филиал алдында несие берешегінің бар/жоқтығы туралы, кешіктірілген берешек туралы анықтамалар, шоттар бойынша айналым, банктік шоттардың жағдайы туралы анықтамалар, хаттар және т.б.),

- клиенттерге жіберілетін қаржылық емес сипаттағы шығыс корреспонденциясына (хаттар және т.б.), уәкілетті органдарға, контрагенттерге, өзге үшінші тұлғаларға жіберілетін шығыс корреспонденцияға (уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша банктік шоттар және осы шоттар бойынша ақша қозғалысы жөніндегі анықтамалар, клиенттердің банктік шоттарды ашу және жабу жөніндегі хабарламалары, сұрау салуларға жауаптар),

-Бас банкке қаржылық сипаттағы шығыс корреспонденцияға (қызметтік хат алмасу, ресми сұрау салуларға жауаптар және т.б.), Бас банкке қаржылық сипаттағы емес шығыс корреспонденцияға (қызметтік хат алмасу, ресми сұрау салуларға жауаптар, өнімдерді сату бойынша және т.б. ақпарат);

и) шот-фактураларға, орындалған жұмыс актілеріне, агенттік келісімдер бойынша контрагенттермен көрсетілген қызметтер актілеріне, орындалған жұмыстар актілері, көрсетілген қызметтер актілері, қабылдау-табыстау актілері, әкімшілік-шаруашылық қызметке байланысты өзге құжаттарға;

к) контрагенттермен тексеру актілеріне;

л) төлем құжаттарына (төлем тапсырмалары, аударуға өтініштер, төлем талаптары) және т.б.;

м) Бас Банктің мемлекеттік баж алымын төлеу бойынша төлемдік тапсырмаларына;

н) филиал қызметкерлеріне берілетін аванстық есептерге;

о) филиал қызметкерлерінің жалақы жөніндегі анықтамаларына; филиал қызметкерлерінің құпиялылық туралы келісімдеріне;

п) бұйрықтарға;

р) қарыз, кепілдіктерге байланысты өкімдерге;

с) қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сатуға Бас Банкке жіберілетін өтінімдерге;

т) филиаларалық қарыздарды тарту/орналастыруға өтінімдерге;

Осы сенімхат 31.12.2017ж. бастап 31.12.2018ж. әрекет етеді.

Молдагаипов Кайрат Бакытжановичтың қойған қолының түпнұсқалылығын _____ растаймын.

«Цеснабанк» АҚ Астаналық филиалының директоры **Е. Жумангарин**

ЦЕСНАБАНК

КОПИЯ ВЕРНА

Подпись